



НҰСҚАУЛЫҚ – 2025

ЭКСПАТ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

АХҚО ОРГАНДАРЫ МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН

ШОЛУ

Экспат орталығы (ЭО) – бұл шетелдік азаматтардың қазақстандық қоғамға тез бейімделуін қамтамасыз ету үшін бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейтін көпфункционалды орталық. Орталық шетел азаматтарының Қазақстанға көшуін барынша жеңілдету мақсатында ағылшын тілінде мемлекеттік және әлеуметтік қызметтердің кең спектрін ұсынады.

ЭО шетелдік инвесторлар мен қызметкерлерге жоғары деңгейдегі мемлекеттік және қосымша қызметтерді ұсына отырып, олардың Қазақстанға көшуін барынша жайлы етуге көмектеседі.


Бұл нұсқаулық АХҚО органдары мен қатысушыларына шетелдік азаматтар, қызметкерлер, сондай-ақ іскерлік серіктестер үшін ЭО-да қолжетімді қызметтерді алу процестері мен рәсімдерін жақсы түсінуге көмектесетін анықтамалық материал ретінде ұсынылған.

Нұсқаулықта қызметтердің толық тізімі бар, соның ішінде әр қызмет үшін мынадай мәліметтер қамтылған:

- Қызметтер сипаттамасы;
- Өтінім беру процесі;
- Құжаттар тізімі;
- Қызметтерге ақы төлеу және мерзімдері.

Мазмұны

ШОЛУ	2
ЖҰМЫС ВИЗАСЫ	4
ИНВЕСТОРЛЫҚ ВИЗА	7
УАҚЫТША ТҰРУҒА РҰҚСАТ	11
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ІСКЕРЛІК ВИЗА	12
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ІСКЕРЛІК ВИЗА	14
ВИЗАНЫҢ КҮШІН ЖОЮ	17
ВИЗАНЫ ҰЗARTУ	19
КӨШІ-ҚОН МЕН САЛЫҚТЫҢ БАСҚА ҚЫЗМЕТТЕРІ	21
БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ	24



ЖҰМЫС ВИЗАСЫ

1. Жұмыс визасына арналған шақыру хат (Қазақстаннан тыс жерлердегі өтініш берушілер үшін)

Бұл қызметке сұрау салу шетелдік қызметкер мен оның отбасы мүшелері үшін жұмыс визасын алу үшін қажетті шақыруға (1-қадам) ЭО-да алдын ала өтінім беруге мүмкіндік береді, ал Қызметкер мен оның отбасы Қазақстаннан тыс жерде болады. Мақұлданған шақыру Қазақстан елшілігіне немесе Астана немесе Алматы әуежайына келгеннен кейін ұсыну үшін шақырылған шетелдікке жіберілуі тиіс (2-қадам).

1-қадам, Экспат орталықта

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен қызметке сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін орталығымызға келу қажет.

Ұсыну қажет құжаттардың көшірмелері:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің шешімі;
- Төлқұжат, оның ішінде жеке мәліметтер бар парағы (төлқұжат 3 айдан астам уақыт бойы жарамды болуы және кем дегенде 2 бос парақ болуы керек);
- Шетелдік қызметкердің сауалнамасы;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім (отбасы мүшесінің визасы үшін);
- Отбасы мүшесінің (шетелдік қызметкердің) визасы үшін негізгі иесінің жарамды жұмыс визасы.

Ұсынылуы тиіс құжаттардың түпнұсқалары:

- Өкілдің/уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (*егер бар болса*);
- Визаны рәсімдеу үшін шақыру хаттың 2 қағазға басып шығарылған көшірмесі;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
- Өтініш берушінің лауазымы мен жұмыс кезеңін көрсете отырып, екі тарап қол қойған еңбек шарты. Жұмыс беруші құпия коммерциялық шарттарды

жасыруға құқылы;

- Қызметкерлер жоғары біліктілікті растайтын құжат (заңдастырылған / апостильденген), сондай-ақ Біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс тәжірибесін растайтын түйіндеме талап етіледі. (толығырақ <https://clck.ru/3HqrJg>)
- Отбасы мүшесінің визасы үшін неке / туу / бала асырап алу туралы куәліктер (апостиль қойылған / заңдастырылған көшірме);
- Шетелдік азаматтың келуі туралы хабарлама;
- Өкілдік / филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (егер бар болса).

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервис алымы	Сервис аламы (walk-in) *	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
Шақыру хатты ресімдеу (СЗ, отбасы мүшелерін қоса алғанда)				
2 жылға дейін	360 000	470 000	0,5 АЕК (1966 KZT)	5 жұмыс күні
Жарамдылық мерзімі 3-5 жыл	720 000	940 000		

* «Walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру қызметіне жатады.

Ескертпе: қызмет көрсету уақыты мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

2-қадам, Қазақстан елшілігінде / Астана немесе Алматы әуежайында

Өтінім беру рәсімі:

- Мақұлданған шақыру (1-қадам);
- Визалық сауалнама;
- ақ фонда 3,5 x 4,5 см түрлі-түсті фотосурет;
- Төлқұжаттың түпнұсқасы;
- Консулдық алымдар мен қосымша құжаттар туралы ақпарат алу үшін Қазақстан Елшілігімен байланысу қажет.

Ескертпе: АХҚО қатысушысы азаматтыққа байланысты арнайы нақты талаптарсыз Қазақстанның кез келген Елшілігінде визаға өтінім бере алады.

2. Жұмыс визасы (Қазақстан аумағынан өтініш берушілер үшін)

Егер қызметкер мен оның отбасы Қазақстанда болса, осы қызметке сұрау салу шетелдік қызметкер мен оның отбасы мүшелері үшін ЭО-да жұмыс визасына өтінім беруге мүмкіндік береді.

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтер келтіріп, қызметке сұрау салуды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу қажет.

Ұсыну қажет құжаттардың көшірмелері:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің шешімі;
- *Отбасы мүшесінің визасы үшін* неке / туу / бала асырап алу туралы куәліктер (апостиль қойылған / заңдастырылған көшірме).
- (шетелдік қызметкердің) *отбасы мүшесінің визасы үшін* негізгі иесінің жарамды жұмыс визасы.
- Дербес деректерді өңдеуге келісім (*отбасы мүшесінің визасы үшін*);

Ұсыну қажет құжаттардың түпнұсқалары:

- Өкілдің / уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (*егер бар болса*);
- Қабылдаушы тараптан виза беру туралы өтініш жазылған ресми хат;
- Визалық сауалнама;
- Өтініш берушінің өлшемі 3,5 см x 4,5 см болатын өзекті фотосуреті;
- Шетелдік қызметкердің сауалнамасы;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
- Дактилоскопиядан өту туралы анықтама;
- Төлқұжаттың түпнұсқасы (төлқұжат 3 айдан артық жарамды болуы керек және кем дегенде 2 бос парақ болуы керек);
- Өтініш берушінің лауазымы мен жұмыс кезеңін көрсете отырып, қос тарап қол қойған еңбек шарты. Жұмыс беруші кез-келген құпия коммерциялық шарттарды жасыруға

құқылы;

- Қызметкерлер үшін жоғары біліктілікті растайтын құжатты (заңдастырылған / апостильденген), сондай-ақ біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс тәжірибесін растайтын түйіндеме талап етіледі (толығырақ <https://clck.ru/3HqrJg>);
- Өкілдік / филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (егер бар болса);

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Сервистік алым (walk-in) *	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
(Жұмыс визасын С3, оның ішінде отбасы мүшелері үшін) алуға көмек				
2 жылға дейін	360 000	470 000	30 АЕК (117 960 KZT)	5 жұмыс күні
Жарамдылық мерзімі 3-5 жыл	720 000	940 000		

* «Walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру қызметіне жатады.

Ескертпе: қызмет көрсету уақыты мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

Ескерту: біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру және құжаттарды қарау белгілі бір уақытты алады.

ИНВЕСТОРЛЫҚ ВИЗА

1. Инвесторлық виза үшін шақыру хаты (Қазақстаннан тыс жерлердегі өтініш берушілер үшін)

Осы қызметке сұрау салу АХҚО Инвестициялық салық резиденттігі бағдарламасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыратын шетелдік азаматтар үшін, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері үшін, инвестор мен оның отбасы Қазақстаннан тыс жерде болған кезде инвесторлық виза алу үшін қажетті шақыруға (1-қадам) ЭО-да алдын ала өтінім беруге мүмкіндік береді. Мақұлданған шақыру Қазақстан елшілігіне немесе Астана немесе Алматы әуежайына келгеннен кейін ұсыну үшін шақырылған шетелдікке жіберілуі тиіс (2-қадам).

1-қадам, Экспат орталықта

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдау. Нақты мәліметтерді келтіре отырып, қызметке сұрау салуды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу қажет.

Ұсыну қажет құжаттардың көшірмелері:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің шешімі;
- Төлқұжат, оның ішінде жеке мәліметтер парағы (төлқұжат 3 айдан астам уақыт бойы жарамды болуы керек және кем дегенде 2 бос парақ болуы керек);
- Дербес деректерді өңдеуге келісім;
- *Отбасы мүшесінің визасы үшін неке / туу / бала асырап алу туралы куәліктер (апостиль қойылған / заңдастырылған көшірме);*
- *(Шетелдік қызметкердің) отбасы мүшесінің визасы үшін негізгі виза иесінің жарамды жұмыс визасы.*

Ұсыну қажет құжаттардың түпнұсқалары:

- Өкілдің / уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат *(егер бар болса)*;
- Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкілетті органынан немесе АХҚО әкімшілігінен өтініш;
- Визаны рәсімдеуге шақыру хаттың 2 басып шығарылған көшірмесі.
- Өкілдік / филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы *(егер бар болса)*;

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Сервистік алым (walk-in) *	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
Шақыру хатын рәсімдеу (А5, оның ішінде отбасы мүшелері)				
2 жылға дейін	360 000	470 000	-	5 жұмыс күні

Жарамдылық мерзімі 3-5 жыл	720 000	940 000		
----------------------------	---------	---------	--	--

* «Walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру қызметіне жатады.

Ескертпе: қызмет көрсету уақыты мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

2-қадам, Қазақстан елшілігінде / Астана немесе Алматы әуежайында

Өтінім беру рәсімі:

- Мақұлданған шақыру (1-қадам);
- Визалық сауалнама;
- Ақ фонда 3,5 x 4,5 см түрлі-түсті фотосурет;;
- Төлқұжаттың түпнұсқасы;
- Консулдық алымдар мен қосымша құжаттар туралы ақпарат алу үшін Қазақстан Елшілігімен байланысу қажет.

Ескертпе: АХҚО қатысушысы азаматтыққа байланысты нақты талаптарсыз Қазақстанның кез келген Елшілігінде визаға өтінім бере алады.

2. Инвесторлық виза (Қазақстан аумағынан өтініш берушілер үшін)

Осы қызметке сұрау салу, егер инвестор мен оның отбасы Қазақстанда болса, АХҚО Инвестициялық салық резиденттігі бағдарламасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыратын шетелдік азаматтар үшін, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері үшін ЭО-да инвесторлық визаға өтінім беруге мүмкіндік береді.

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдау. Нақты мәліметтерді келтіре отырып, қызметке сұрау салуды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу қажет.

Ұсыну қажет құжаттардың көшірмелері:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің шешімі;
- (Шетелдік қызметкердің) отбасы мүшесінің визасы үшін негізгі виза иесінің жарамды жұмыс визасы.

Ұсыну қажет құжаттардың түпнұсқалары:

- Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкілетті органынан немесе АХҚО әкімшілігінен өтініш;
- өкілдің / уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (егер бар болса);
- Визалық сауалнама;
- Дактилоскопиядан өту туралы анықтама;
- Өтініш берушінің өлшемі 3,5 см x 4,5 см болатын өзекті фотосуреті;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім;
- Төлқұжаттың түпнұсқасы (төлқұжат 3 айдан артық жарамды болуы керек және кем дегенде 2 бос парағы болуы керек);
- Отбасы мүшесінің визасы үшін неке / туу / бала асырап алу туралы куәліктер (апостиль қойылған / заңдастырылған көшірме).
- Өкілдік / филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (егер бар болса).

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Сервистік алым (walk-in) *	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
Инвесторлық виза алуға көмек (А5, оның ішінде отбасы мүшелері үшін)				
2 жылғы дейін	360 000	470 000	-	5 жұмыс күні
Қолданыс мерзімі 3-5 жыл	720 000	940 000		

* «Walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру қызметіне жатады.

Ескертпе: қызмет көрсету уақыты мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

УАҚЫТША ТҰРУҒА РҰҚСАТ

Бұл қызмет төменде көрсетілген елдердің Қазақстан аумағындағы азаматтары үшін ғана қолжетімді. Бұл елдердің азаматтары виза алуға өтініш беруге міндетті емес:

- Елде 30 күнтізбелік күннен артық болуды жоспарлаған ТМД елдерінің азаматтары;
- Елде 90 күнтізбелік күннен артық болуды жоспарлаған ЕАЭО елдерінің азаматтары.

Өтініш беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдау. Нақты мәліметтерді келтіре отырып, қызметке сұрау салуды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу қажет.

Ұсыну қажет құжаттардың түпнұсқалары:

- Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Өкілдік / филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (егер бар болса);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің шешімі;
- Өкілдің / уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (егер қажет болса);
- Уақытша тұруға рұқсат алуға өтініш;
- Келу туралы хабарлама;
- Төлқұжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Дактилоскопиядан өту туралы анықтама;
- Шетел азаматының ЖСН-і (жеке сәйкестендіру нөмірі);
- Медициналық сақтандырудың көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі);
- Тұрғын үй иесінің нотариалдық келісімі, жалға берушінің ЖСН-і;
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама (егер бар болса);
- «ЕШЕБЖ» еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде тіркелген еңбек шарты / сараптамалық келісім немесе жұмыстарды орындауға арналған азаматтық-құқықтық келісімшарт;
- Қызметкерлер үшін жоғары біліктілігін растайтын құжат (заңдастырылған /

апостильденген), сондай-ақ біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс тәжірибесін растайтын түйіндемені талап етеді. (толығырақ <https://clck.ru/3HqrJg>);

- Шетелдік қызметкердің сауалнамасы;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім (отбасы мүшесінің визасы үшін және шетел азаматтарының азаматтық-құқықтық келісімшарты бойынша);
- Отбасы мүшесінің визасы үшін туу/неке туралы куәлік (нотариалды куәландырылған).

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Сервистік алым (walk-in) *	Мерзімдер
Отбасы мүшелерін қоса алғанда, уақытша тұруға рұқсат алуға/ұзартуға көмек			
Қызметкер үшін	110 000	170 000	1 жұмыс күні
Сарапшы үшін	90 000	170 000	1 жұмыс күні

* «Walk-in опциясы» құжаттарды басым тапсыру сервисіне жатады.

Ескерту: Біліктілік талаптарына сәйкестікті тексеру және құжаттарды қарау белгілі бір уақытты алады.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ІСКЕРЛІК ВИЗА

Іскерлік виза үшін шақыру хат (Қазақстаннан тыс жерлердегі өтініш берушілер үшін)

Бұл қызметке сұрау салу келіссөздерге, конференцияларға, форумдарға, көрмелерге, ғылыми іс-шараларға қатысу немесе келісімшарттарға қол қою мақсатында келетін шетелдік іскери серіктес үшін ЭО-да В1 немесе В3 біржолғы іскерлік визаны алу үшін қажетті шақыруға алдын ала өтінім беруге мүмкіндік береді (1-қадам). Мақұлданған шақыру Қазақстан елшілігіне немесе Астана немесе Алматы әуежайына келгеннен кейін ұсынуы (2-қадам) үшін шақырылған шетелдікке жіберілуі тиіс.

1-қадам, Экспат орталығында

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтерді келтіре отырып, қызметке сұрау салуды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;

- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады.

Ұсыну қажет құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Өкілдік / филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (егер бар болса);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы қазақ және орыс тілдеріндегі бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы Акционерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі шешімі;
- Өкілдің / уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (егер қажет болса);
- Төлқұжаттың көшірмесі, оның ішінде жеке мәліметтер парағы (төлқұжат 3 айдан астам уақыт бойы жарамды болуы және кем дегенде 2 бос парақ болуы керек);
- Визаны рәсімдеуге шақыру хаттың 2 басып шығарылған көшірмесі;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
Шақыру хатты ресімдеу	20 000 KZT	0.5 АЕК (1 966 KZT)	5 жұмыс күні

Ескерту: қызмет көрсету уақыты мемлекеттік орган тарапынан ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

2-қадам, Қазақстан елшілігінде / Астана немесе Алматы әуежайында

Өтінім беру рәсімі:

- Мақұлданған шақыру (1-қадам);
- Визалық сауалнама;
- Ақ фонда 3,5 x 4,5 см түрлі-түсті фотосурет;
- Төлқұжаттың түпнұсқасы;
- Консулдық алымдар мен қосымша құжаттар туралы ақпарат алу үшін Қазақстан Елшілігімен байланысу қажет.

Ескерту: АХҚО қатысушысы азаматтыққа байланысты нақты талаптарсыз

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ІСКЕРЛІК ВИЗА

1. Іскерлік визаға арналған шақыру хат (Қазақстаннан тыс жерлердегі өтініш берушілер үшін)

Бұл қызметке сұрау салу консультациялық және аудиторлық қызметтерді көрсету үшін келетін шетелдік сарапшыға ЭО-да көп мәртелік В2 іскерлік визасын алу үшін қажет шақыруға алдын ала өтініш беруге (1-қадам) мүмкіндік береді. Мақұлданған шақыру шақырылған шетелдікке Қазақстан елшіліктеріне немесе Астана немесе Алматы әуежайына келгенде ұсыну үшін жіберілуі тиіс (2-қадам).

1-қадам, Экспат орталығында

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтінішті жіберу» дегенді таңдау. Нақты деректермен қызметке сұрау салуды толтыру және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберу;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу керек.

Ұсыну қажет құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Өкілдік/филиал үшін заңдастырылған/апостиль қойылған бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (*қолданылатын болса*);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы қазақ және орыс тілдеріндегі бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі шешімі;
- Өкілдің/уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (*қолданылатын болса*);
- Сарапшы шарты немесе сервистік келісімшарт;
- Жеке деректері бар парақты қоса алғанда, паспорттың көшірмесі (паспорт 3 айдан астам жарамды және кемінде 2 бос парағы болуы керек);
- Визаны ресімдеу үшін шақыру хатының 2 басылған көшірмесі;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет типі	Сервистік алым (walk-in) **	Сервистік алым (дербес менеджер) *	Мемлекеттік баж	Мерзімі
Шақыру хатын ресімдеу				
20 000 KZT	60 000 KZT	160 000 KZT	0.5 АЕК (1 966 KZT)	5 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

** «walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру сервисіне қатысты.

Ескерту: қызмет көрсету мерзіміне мемлекеттік орган тарапынан ықтимал күтпеген кешігулер кірмейді, қажет болған жағдайда мерзім 30 күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

2-қадам, Қазақстан Елшілігіндегі / Астана немесе Алматы әуежайында

Өтінім беру процесі:

- Мақұлданған шақыру (1-қадам);
- Визалық сауалнама;
- Ақ фонда 3,5 x 4,5 см түрлі-түсті фотосурет;
- Паспорттың түпнұсқасы;
- Консулдық алымдар мен қосымша құжаттар туралы ақпарат алу үшін Қазақстан Елшілігіне хабарласу қажет.

Ескерту: АХҚО қатысушысы Қазақстанның кез келген Елшілігіне азаматтыққа қатысты арнайы талаптарсыз виза алуға өтінім бере алады.

2. Іскерлік виза (Қазақстанда жүрген өтініш берушілер үшін)

Бұл қызметке сұрау салу консультациялық және аудиторлық қызметтерді көрсету үшін келетін шетелдік сарапшыға ЭО-да көп мәртелік В2 іскерлік визасын алуға өтінім беруге мүмкіндік береді.

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтінішті жіберу» дегенді таңдау. Нақты деректермен қызметке сұрау салуды толтыру және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберу;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы

қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу керек.

Ұсыну қажет құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Өкілдік/филиал үшін заңдастырылған/апостиль қойылған бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (*қолданылатын болса*);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы қазақ және орыс тілдеріндегі бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі шешімі;
- Өкілдің/уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (*қолданылатын болса*);
- Жеке деректері бар парақты қоса алғанда, паспорттың көшірмесі (паспорт 3 айдан астам жарамды және кемінде 2 бос парағы болуы керек);
- Шақырушы тараптың іскерлік визаны беру туралы хаты;
- Визалық сауалнама;
- Дактилоскопиядан өту туралы анықтама;
- Ақ фонда 3,5 x 4,5 см түрлі-түсті фотосурет;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім;
- Сарапшы шарты немесе сервистік келісімшарт.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет типі	Сервистік алым (walk-in) **	Сервистік алым (дербес менеджер) *	Мемлекеттік баж	Мерзімі
Көп мәртелік іскерлік визасын (B2) алу				
20 000 KZT	60 000 KZT	160 000 KZT	30 АЕК (117 960 KZT)	5 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

** «walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру сервисіне қатысты.

Ескерту: қызмет көрсету мерзіміне мемлекеттік орган тарапынан ықтимал күтпеген кешігулер кірмейді, қажет болған жағдайда мерзім 30 күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

ВИЗАНЫҢ КҮШІН ЖОЮ

Бұл қызметке сұрау салу ЭО-да Сарапшымен шарттың/Сервистік шарттың/Еңбек шартының мерзімі аяқталған немесе бұзылған жағдайда шетелдік сарапшыға/қызметкерге/инвесторға немесе шетелдік сарапшының/қызметкердің/инвестордың отбасы мүшесіне қолданыстағы іскерлік/жұмыс/инвестор визасының күшін жоюға мүмкіндік береді.

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтінішті жіберу» дегенді таңдау. Нақты деректермен қызметке сұрау салуды толтыру және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберу;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу керек.

Ұсыну қажет құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Өкілдік/филиал үшін заңдастырылған/апостиль қойылған бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (*қолданылатын болса*);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы қазақ және орыс тілдеріндегі бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі шешімі;
- Өкілдің/уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (*қолданылатын болса*);
- Визаның күшін жою және шығу визасын беруге сұрау салуы бар ресми хат;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
- Паспорттың түпнұсқасы (тапсыру алдында паспортта кемінде 2 бос бет бар екеніне көз жеткізіңіз);
- Визалық сауалнама;
- Кейбір жағдайларда дактилоскопиядан өту туралы анықтама қажет болуы мүмкін.

Күшін жою қабылданғаннан кейін шығу визасы 15 жұмыс күніне дейінгі мерзімге беріледі. Виза иесі Қазақстан Республикасынан визаның қолданылу мерзімі ішінде кетуі керек.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет типі	Сервистік алым	Мемлекеттік баж	Мерзімі
Визаны жою және шығу визасын беру	20 000 KZT	0.5 АЕК (1 966 KZT)	5 жұмыс күні

2. Визаның күшін жою (Қазақстаннан тыс жерлерден өтініш берушілер үшін)

Шетел азаматы Қазақстан Республикасынан Сарапшы шарты/Сервистік шарт/Еңбек шарты бұзылғаннан кейін кетсе, қабылдаушы тарап/жұмыс беруші ЭО арқылы Көші-қон органдарына күші бар іскерлік/жұмыс визасын, оның ішінде отбасы мүшесінің визасын жою туралы өтініш беруге құқылы.

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтінішті жіберу» дегенді таңдау. Нақты деректермен қызметке сұрау салуды толтыру және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберу;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу керек.

Ұсыну қажет құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Өкілдік/филиал үшін заңдастырылған/апостиль қойылған бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (*қолданылатын болса*);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы қазақ және орыс тілдеріндегі бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі шешімі;
- Өкілдің/уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (*қолданылатын болса*);
- Паспорт пен күші бар визаның көшірмесі;
- Визаның күшін жою сұрау салуы бар ресми хат;
- Еңбек шартын бұзу туралы бұйрық.

Күшін жою қабылданғаннан кейін іскерлік/жұмыс визасының, оның ішінде отбасы мүшесі визасының күші жойылады.

Осыдан кейін күші жойылған визамен Қазақстан Республикасына кіру мүмкін емес.

Қызмет типі	Сервистік алым	Мемлекеттік баж	Мерзімі
Визаның күшін жою	20 000 KZT	-	1 жұмыс күні

ВИЗА МЕРЗІМІН ҰЗARTY

Бұл қызметке сұрау салу шетелдік іскер серіктеске, сарапшыға, қызметкерге немесе қызметкердің отбасы мүшесіне Экспат орталығында виза мерзімін ұзарту үшін өтінім беруге мүмкіндік береді. Мерзімнен артық болу үшін айыппұлды болдырмау үшін виза мерзімін ұзартуға визаңыздың мерзімі аяқталмай тұрып жіберілгеніне көз жеткізіңіз.

Визаның мерзімін ұзарту үшін құжаттар отыз жұмыс күнінен ерте емес және визаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

Виза мерзімін ұзарту өтініш беруші сол қабылдаушы тарапта қалған жағдайда ғана мүмкін болатынын ескеріңіз. Өтініш беруші қабылдаушы тарапты ауыстырса, бұл процесс енді виза мерзімін ұзарту ретінде қарастырылмай, жаңа виза алуға өтініш ретінде қарастырылады.

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтінішті жіберу» дегенді таңдау. Нақты деректермен қызметке сұрау салуды толтыру және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберу;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу керек.

1. Виза мерзімін ұзарту (Қазақстандағы өтініш берушілер үшін)

Ұсыну қажет құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Өкілдік/филиал үшін заңдастырылған/апостиль қойылған бас сенімхат және оның куәландырылған аудармасы (*қолданылатын болса*);
- Бірінші басшыны тағайындау туралы қазақ және орыс тілдеріндегі бұйрық;
- Компанияның бірінші басшысын тағайындау туралы акционерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі шешімі;
- Өкілдің/уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге сенімхат (*қолданылатын болса*);
- Қабылдаушы тараптан виза беруге сұрау салу туралы ресми хат;

- Визалық сауалнама; <https://aifc.kz/wp-content/uploads/2024/10/visa-application-form.pdf>
- Өтініш берушінің өлшемі 3,5 см x 4,5 см өзекті фотосуреті;
- Шетелдік қызметкердің сауалнамасы;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім <https://aifc.kz/wp-content/uploads/2024/10/logging-form.pdf>;
- Дактилоскопиядан өту туралы анықтама;
- Жеке деректері бар парақты қоса алғанда, паспорттың көшірмесі (паспорт 3 айдан астам жарамды және кемінде 2 бос парағы болуы керек);
- Қызметкерлердің Біліктілік талаптарына сәйкес жоғары біліктілікті растайтын құжат (заңдастырылған/апостиль қойылған), сондай-ақ жұмыс тәжірибесін растайтын түйіндеме қажет (толығырақ <https://clck.ru/3HqrgJg>);
- Өтініш берушінің лауазымы көрсетілген, екі тарап қол қойған Сарапшы шарты немесе Сервистік шарт/Еңбек шарты. Жұмыс беруші кез келген құпия коммерциялық шарттарды алып тастауға құқылы.
- Жеке деректерді өңдеуге келісім (отбасы мүшесінің визасы үшін);
- Отбасы мүшесінің визасы үшін неке/туу/асырап алу туралы куәліктер (апостиль қойылған/заңдастырылған көшірме);
- Отбасы мүшесінің (шетелдік қызметкердің) визасы үшін негізгі виза иесінің жарамды жұмыс визасы.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет типі	Сервистік алым	Сервистік алым (walk-in) **	Мемлекеттік баж	Мерзімі
Жұмыс визасының (С3, оның ішінде отбасы мүшелері) мерзімін ұзарту				
Жарамдылық мерзімі 1-2 жыл	360 000	470 000	30 АЕК (117 960 KZT)	5 жұмыс күні
Жарамдылық мерзімі 3-5 жыл	720 000	940 000		

Қызмет типі	Сервистік алым (walk-in) **	Сервистік алым (дербес менеджер) *	Мемлекеттік баж	Мерзімі
Іскерлік визаның (В2) мерзімін ұзарту				
20 000 KZT	60 000 KZT	160 000 KZT	30 МРП (117 960 KZT)	5 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

** «walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру сервисіне қатысты.

Ескерту: қызмет көрсету мерзіміне мемлекеттік орган тарапынан ықтимал күтпеген кешігулер кірмейді, қажет болған жағдайда мерзім 30 күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

БАСҚА КӨШІ-ҚОН ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Бұл қызметке сұрау салу ЭО-да келесі қызметтерге өтінім беруге мүмкіндік береді:

1. Келу немесе мекенжайды өзгерту туралы хабарлама;
2. Жеке сәйкестендіру нөмірі;
3. Салық резидентінің сертификаты;
4. Электрондық цифрлық қолтаңба.

Өтінім беру процесі

- АХҚО порталы арқылы құжаттарды жүктеу;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтінішті жіберу» дегенді таңдау. Нақты деректермен қызметке сұрау салуды толтыру және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберу;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін біздің орталыққа келу керек.

1. Келу немесе мекенжайды өзгерту туралы хабарлама

Бұл қызметті орындау үшін келесі құжаттар қажет: шетел азаматының Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жерінің мекенжайы, заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы, жеке деректерді өңдеуге келісімі және шекарадан өту үшін пайдаланылған паспорттың анық көшірмесі.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет типі	Сервистік алым	Мерзімі
Келу немесе мекенжайды өзгерту туралы хабарламаны беруге көмек	10 000 KZT	30 минут

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)

Жеке сәйкестендіру нөмірін алу үшін шетелдік азаматтың өзінің болуы міндетті.

Ұсыну қажет құжаттар:

- Жеке деректер бетін қоса алғанда, паспорттың анық көшірмесі (нотариалдық мөрі бар қазақ немесе орыс тілдеріндегі куәландырылған аудармасы);
- Паспорттың түпнұсқасы;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет типі	Сервистік алым	Сервистік алым (walk-in)**	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мерзімі
ЖСН алуға көмек	10 000 KZT	20 000 KZT	60 000 KZT	1 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

** «walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру сервисіне қатысты.

3. Салық резидентінің сертификаты

Ұсыну қажет құжаттар:

- Резиденттілікті растау туралы салықтық өтініш;
- Қазақстан Республикасында заңды тұлғаны тиімді басқару орнының болуын растайтын құжаттың (өткізілетін жері көрсетілген директорлар кеңесінің немесе осыған ұқсас органның жалпы жиналысының хаттамалары немесе негізгі басқару және (немесе) бақылау орнын, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдерді қабылдауды растайтын өзге де құжаттар) нотариалды куәландырылған көшірмесі – тиімді басқару орны Қазақстан Республикасында болуының негізінде резидент болып табылатын шетелдік заңды тұлғалар;
- Шетелдік паспорттың немесе азаматтығы жоқ тұлға куәлігінің, Қазақстан Республикасында болу мерзімін растайтын құжаттың (виза немесе өзге де құжаттар), Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (болған жағдайда) нотариалды куәландырылған көшірмесі – резиденттер болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет типі	Сервистік алым	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мерзімі
Салық резидентінің сертификатын алуға көмек	40 000 KZT	140 000 KZT	3-5 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

4. Электрондық цифрлық қолтаңба

Ұсыну қажет құжаттар:

Жеке тұлға үшін:

- Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
- Өкілге нотариалды куәландырылған сенімхат (бар болса);
- rki.gov.kz порталында берілген өтінім;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім.

Заңды тұлға үшін:

- Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН);
- Атқарушы директордың ЖСН-і;
- Өкілге сенімхат (бар болса);
- rki.gov.kz порталында берілген өтінім;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет типі	Сервистік алым	Сервистік алым (walk-in) **	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мерзімі
Электрондық цифрлық қолтаңбаны алуға көмек	10 000 KZT	20 000 KZT	60 000 KZT	1 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

** «walk-in опциясы» құжаттарды басым түрде тапсыру сервисіне қатысты.

ЖҰМЫС КЕСТЕСІ:

10.00-ден 16.30-ға дейін

13.00-ден 14.00-ге дейін – түскі үзіліс

ТОЛЫҒЫРАҚ АҚПАРАТ ҮШІН

Электрондық пошта: expat@aifc.kz

Халықаралық қоңырау шалу: +7 (717) 264 73 40; +7 7172 64 72 61; +7 7172 64 72 99

МЕКЕНЖАЙЫ

Мәңгілік ел даңғылы 55/18, С3.3 павильоны

Астана, 010017, Қазақстан.